

## Петровка ауылының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Николаев ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 тамыздағы № 1 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қыркүйекте № 1-6-106 тіркелді

1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабының 2 тармағына, 2009 жылдың 11 маусымдағы Петровка ауылы тұрғындары жиынының № 10 хаттамасына сәйкес Николаев ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Петровка ауылының көшелеріне атаулар берілсін:
  - № 1 көше атауы - Сарыарқа;
  - № 2 көше атауы - Абай Құнанбаев;
  - № 3 көше атауы - Достық;
  - № 4 көше атауы - Қажымұқан Мұңайтпасов;
  - № 5 көше атауы - Бейбітшілік;
  - № 6 көше атауы - Жастар.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Астрахан ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

**КЕЛІСІЛДІ:**

міндетін атқарушысы

бастығы

Н и к о л а е в а у ы л д ы қ

А.Ыбыраев

А с т р а х а н а у д а н ы н ы ң  
« М ә д е н и е т ж ә н е  
т і л д е р д і д а м ы т у  
б ө л і м і » м е м л е к е т т і к  
м е к е м е с і б а с т ы ғ ы н ы ң

Л.Ақанова

А с т р а х а н а у д а н ы н ы ң  
« С ә у л е т ж ә н е қ а л а  
қ ұ р ы л ы с ы б ө л і м і »  
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң

Н.Герасимова

*Астрахан ауданының  
«Экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің*

*бастығы*

*А.Жүсіпова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ